

Бекітемін:

Мектеп директоры: М.А.Умбеталин

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебінің
“Балалар және театр” жобасын жүзеге асыру бойынша
2024-2025 оқу жылына арналған іс-шаралар
Жоспар:

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	Үйірме жұмыстарын талдау	Жыл бойы	Мектепшілік	Жетекшісі
2	Жобаны ақпараттық насихаттау	Жыл бойы	Іс-шара	Жетекшісі
3	Театр әлемі	Жыл бойы	Шығармалар, мақалалар, қойылымдар	Жетекшісі
4	Театрға билет сыйлаймын	Жыл бойы	Қойылымдар	Жетекшісі
5	Театр балалар көзімен	Ақпан	Эссе	Жетекшісі
6	Театр тәрбие бесігі	Наурыз	Айлық жоспар	Жетекшісі
7	Ертегілер еліне саяхат	Сәуір	Бастауыш	Жетекшісі
8	Театр отбасында	Мамыр	Фото, слайд	Жетекшісі
9	Біз бердейміз, біз әр-түрліміз	Қыркүйек	Пікір, мақала	Жетекшісі
10	Балалық шақ мерекесі	Қазан	Суреттер байқауы	Жетекшісі
11	Театрлық шеберхана	Желтоқсан	Көрме	Жетекшісі

ДТІЖО:



Бисембаева Д.Т.

“Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілген “Балалар және театр” жобасы бойынша талдау есебі.

Жылдық талдау есебі

2024–2025 оқу жылы

1. Үйірме жұмыстарын талдау

Жыл бойы үйірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізілді. Оқушылардың сабақтан тыс уақытта театр өнеріне деген қызығушылығы артып, олардың шығармашылық қабілеттері дами түсті. Үйірме барысында қойылымдарға дайындық, сахналық шеберлікті меңгеру, рөлге ену жаттығулары ұйымдастырылды. Қатысушылар белсенділік танытып, өзара ынтымақтастықта жұмыс істей білді.

2. Жобаны ақпараттық насихаттау

Жобаны насихаттау жұмыстары үздіксіз жүргізілді. Мектептің ақпараттық бұрышында “Балалар және театр” жобасына арналған стенд жасақталып, әр айдағы іс-шаралар туралы ақпараттар жаңартылып отырды. Сонымен қатар, мектептің әлеуметтік желідегі парақшаларында да жоба жаңалықтары тұрақты жарияланып тұрды.

3. Театр әлемі

Жоба аясында “Театр әлемі” бағыты бойынша оқушылар театр туралы шығармалар, мақалалар жазды. Сонымен қатар, шағын сахналық қойылымдар ұйымдастырылып, мектепшілік көрермендерге ұсынылды. Бұл жұмыс оқушылардың әдеби тіл байлығын, актерлік шеберлігін дамытуға үлкен үлес қосты.

4. Театрға билет сыйлаймын

Балалар үшін театрға бару ұйымдастырылды. Ата-аналармен бірлесе отырып, оқушылар облыстық және аудандық театрлардың қойылымдарын тамашалады. Бұл олардың театр мәдениетін терең түсінуге мүмкіндік берді. Театрдан алған әсерлері бойынша балалар өз ойларымен бөлісті.

5. Театр балалар көзімен

Ақпан айында оқушылар “Театр балалар көзімен” тақырыбында эссе жазды. Эсселерде балалар театр туралы өз ойларын, сезімдерін, әсерлерін білдірді. Үздік жұмыстар мектеп қабырғасында оқылып, авторлар марапатталды.

6. Театр – тәрбие бесігі

Наурыз айында театр өнерінің тәрбиелік маңызын насихаттау мақсатында театр апталығы өтті. Апталық барысында сынып сағаттары, пікірталастар, ашық қойылымдар ұйымдастырылды. Бұл жұмыс оқушылардың адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етті.

7. Ертегілер еліне саяхат

Сәуір айында бастауыш сыныптар арасында “Ертегілер еліне саяхат” атты қойылымдар өтті. Балалар ертегі кейіпкерлерінің рөлін сомдап, сахнада өз өнерлерін көрсетті. Бұл іс-шара оқушылардың қиялын, шығармашылығын дамытуда маңызды рөл атқарды.

8. Театр отбасында

Мамыр айында оқушылар театрға отбасымен бару дәстүрін қалыптастырды. Осыған байланысты фотосуреттер мен слайдтар ұсынылды. Балалар ата-аналарымен бірге өткізген театр кештері туралы әңгімелеп, отбасылық құндылықтардың нығаюына жол ашты.

9. Біз бірдейміз, біз әр-түрліміз

Қыркүйек айында инклюзив тақырыптағы “Біз бірдейміз, біз әр-түрліміз” іс-шарасы өтті. Балалар әртүрлілік пен теңдік туралы ойларын мақала және пікір түрінде білдірді. Бұл тақырып олардың әлеуметтік мәселелерге деген көзқарасын қалыптастыруға бағытталды.

10. Балалық шақ мерекесі

Қазан айында театр кейіпкерлеріне арналған суреттер байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар сүйікті кейіпкерлерінің бейнесін салып, оны қорғап шықты. Байқау балалардың көркемдік қабілетін шыңдауға әсер етті.

11. Театрлық шеберхана

Желтоқсан айында “Театрлық шеберхана” көрмесі өтті. Онда оқушылар өз қолдарымен жасаған маскалар, сахналық реквизиттер және театрлық бұйымдар қойылды. Көрме үлкен қызығушылық тудырып, шығармашылық белсенділікті арттырды.

Қорытынды:

2024–2025 оқу жылы бойынша “Балалар және театр” жобасы толық көлемде және жүйелі түрде жүзеге асты. Жобаның барлық іс-шаралары жоспарға сәйкес орындалып, оқушылардың шығармашылық және мәдени дамуына оң ықпал етті. Театр өнеріне деген қызығушылық артып, тәрбие жұмысында жаңа серпін байқалды.

Мектеп ДТТЖО:



Бисембаева Д.Т.